


38.49/5кдэ  
С 52

Аббек Смағұл



МЕН КӨРГЕН  
СОҒЫС





**Осы еңбегімді тәуелсіз еліміздің жалынды,  
жүрегінің оты бар, патриот, отансүйгіш  
жастарына арнаймын.**

**“Таға – тұяқты, тұяқ – тұлпарды, тұлпар – ерді,  
ер елді сақтайды!”-дейді халқымыз.**

**Бабаларымыздың ерлік тарихын,  
аталарымыздың ержүрек дәстүрін, өзінің  
алдындағы буынның батырлығы мен  
батылдығын көңіліне тоқып, олардың өнегелі  
өмір жолын оқып өскен жас қана ертеңгі күні  
елін қорғай алатын атпал азаматқа айналмақ.  
Елді сақтай алатын ерлеріміздің қарамы да,  
қатары да көбейе бергей!**

*Бақытбек Смағұл*





"ҚАЗАҚСТАН АРДАГЕРЛЕРІ"





*Бақытбек Смағұл*

# МЕН КӨРТЕН СОҒЫС

Алматы 2007 жыл

ББК 68.49 (5каз)  
С52

**Смағұл Б.**

**С52 «Мен көрген соғыс» - Алматы, 2007. - 188 бет.**

ISBN 9965-21-184-1


Ауған соғысы ардагерлер ұйымдарының “Қазақстан ардагерлері” қауымдастығы төрағасының орынбасары, “Құрмет” орденінің иегері Бақытбек Смағұлдың “Мен көрген соғыс” атты кітабында Ауғанстандағы соғыстың ақиқаттары мен ауыр зардаптары баяндалады.

“Көзбен көрген - шындық, құлақпен естіген - өтірік” демеуші ме еді халқымыз, сол айтқандай Бақытбек Смағұл да өз көзімен көрген шындықтарды боямасыз, бүкпесіз, бұрмалаусыз, қаз-қалпында баяндайды. Кітаптың ең басты құндылығы да осында.

Әсіресе, қадап айтатын бір жайт, Бақытбек Смағұлдың бұл кітабы жастарымызды отан сүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеуде де таптырмайтын құрал бола алатыны анық. Ауған соғысы кезіндегі қазақстандық жауынгерлердің ерлігі, қажыр-қайраты, олардың бір-біріне деген достық һәм бауырмалдық көмегі, оқ пен оттың ортасындағы жанкешті тағдыры бүгінгі жастарымызға да үлгі-өнеге болғандай.

С  $\frac{130501000}{00(05)-07}$

ББК 68.49(5каз)



40132-2



ISBN 9965-21-184-1

© Смағұл Б., 2007



## АЛҒЫСӨЗ

Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқандықтан және соғыс тақырыбына өзім де ертеден бері қалам тартып келе жатқандықтан Ауған соғысына қатысқан кейінгі буынның естелік-кітаптарын, деректі дүниелерін қадағалап оқып жүретінім бар. Осы дүниелердің ішінде маған Ауған соғысы ардагерлер ұйымдарының “Қазақстан ардагерлері” қауымдастығы төрағасының орынбасары, “Құрмет” орденінің иегері Бақытбек Смағұлдың “Мен көрген соғыс” атты кітабы ерекшелеу әрі бөлекшелеу көріне берді. Қадап айтатын жайт, Бақытбектің аса бір ұтқаны, ол өз кітабын адам тағдырына құрыпты. Адам тағдырынан зейіл, адам тағдырынан қымбат не бар дейсіз?! Бақытбектің кітабында да өз қаруластарының тағдыры көркем тілмен жан-жақты әрі әсерлі баяндалады. Бұл кітаптың оқушыға да берері мол ғой деп ойлаймын. Әсіресе, жастарға.

Дәл осы жерде мына бір мәселеге де тоқтай кету орынды сияқты. Жастарды отансүйгіштікке өтірік айтып тәрбиелеуге болмайды. Тек шындық арқылы, шындықты айту арқылы ғана тәрбиелеу керек. Өтірік өрге баспайды. Осы тұрғыдан алғанда да, Бақытбектің кітабы өте бағалы. Мұнда Ауған соғысының ақиқаттары боямасыз, ашық һәм нақты суреттелінеді: қилы қиянаттар, асыра сілтеулер және тағы тағылар.

Бүгінгі жастарымызға патриоттық тәрбие беру ісіне Бақытбектің осы кітабы көп үлес қоса алады деп есептеймін. Өйткені, бұл кітапта нақты өмір, соғыстың нақты әрі жанды картинасы, қаны тамшылаған шындық бар. Қазақ жауынгерлерінің ерлік істері, олардың ата-баба дәстүріне адалдығы да терең көрсетілген.

Бұл кітап - Бақытбектің екінші кітабы. Оның бірінші кітабына, “Ауғанның от-жалыны” деп аталатын өлеңдер

жинағына алғысөзді әйгілі партизан, Қазақстанның Халық Қаһарманы, жазушы Қасым Қайсенов жазыпты. Мен білетін Қасым Қайсенов - күлдібадам дүниеге алғысөз жазбайтын адам. Шамасы, Бақытбектің Ауған соғысыны? шындығын айтқан батыл өлеңдері Қасекене де әсер етсе керек. Ардагер ақсақал Бақытбекке “Атыңа сай бақытты бол! Ел жүгін арқалайтын азамат бол!” деп батасын беріпті.

Қасым Қайсенов те, Бауыржан Момышұлы да өздері қатысқан соғыс туралы талай кітаптар жазды. Сол соғыста ерлік көрсетіп қана қойған жоқ, соғыстың шындығын айтып, қан майданда ерліктің нешеме үлгісін көрсеткен жауынгерлер мен офицерлердің патриоттық өнегелерін айтып, ерлік дәстүрімізді айтып, оны кейінгі жастарымызға үлгі-өнеге етіп, бейбіт өмірде де үлкен ерлік жасады. Олар ерлікті соғыста қарумен жасаса, бейбіт өмірде ерлікті қаламмен, қаламның күшімен жасады.

Осы тұрғыдан келгенде, Бақытбек Смағұлды да өз басым Бауыржан Момышұлы мен Қасым Қайсеновтың бүгінгі күнгі ізбасары деп танимын. Ауған соғысында талай ерлік көрсеткен, әйгілі Хара қырғынында тұтас бір ротадан жалғыз өзі ғана тірі қалған Бақытбек Смағұл, міне, бейбіт өмірде Ауған соғысының ақиқаттарын айтып, тәуелсіз еліміздің жастарына лайықты, бағалы дүние ұсынып отыр. Біле білсек, бұл да - ерлік.

Ауған соғысының қиямет-қайымынан аман-есен елге оралып, бүгінгі күні өз қаруластарының ерлік жолын, патриоттық өнегесін жазып, жазушылық өнерге бет бұрған Бақытбек ініме сәттілік тілеймін. Қаламыңа күт дари берсін!

*Әзілхан Нұршайықов,  
Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік  
сыйлығының лауреаты, Ұлы Отан соғысының ардагері*

## Автордан

Ауғанстандағы соғыстың аттай он жылға созылғаны (1979 - 1989 жылдар) да белгілі. Мен әскерде екі жарым жылдай болдым. 1979-дың сәуірінен бастап 1981-дің тамызының аяғына дейін. Взвод басқардым. “Старшина” шенін алдым. Бірақ, мен өзімді қатардағы қарапайым жауынгердің бірімін деп есептеймін. Штабта қызмет еткен жоқпын. Жоғары шенді офицерлермен, генералдармен араласым-күраласым болған жоқ. Сондықтан да мен өзімнің бұл кітабымда Ауғанстан соғысының саяси себептеріне тоқталып, оны талдап-тарқатып жатпаймын. Және бұлай ету менің қолымнан да келмес еді.

Менің бұл кітапта ден қойғаным да, ерекше назар аударғаным да - тағдыр. Адам тағдыры. Өзімнің майдандас бауырларымның, қарулас достарымның тағдыры. Бұлар Ауғанстанда қалай соғысты? Не үшін жан тапсырды? Ауғанстаннан аман-есен оралғандар бейбіт өмірге бейімделе алды ма? Бұлардың тағдыры қалай қалыптасты? Міне, осы мәселелердің бәрі де маған жазылуға тиісті болып көрінді де тұрды. Әсіресе, мына бір мәселеге ерекше тоқтала кетуді өзіме парыз санадым. 1943 жылы Сталинград түбінде тұтқынға түскен неміс фельдмаршалы Паулюс армиясының бір офицері өз күнделігіне былай деп жазыпты: “Көсемдерінің аты берілген қаланы біздің қарсыластарымыз өте бір жанын сала қорғады. Соғыстың қызған уақытында алғы шепке жіберілген менің солдаттарым бір уақытта қатты састы, өйткені орыстар қайдан тапқаны, әлде биологиялық жолмен шығарылған ба, сұрлары орысқа



ұқсамаған, түстері де басқаша, көздерінен от шашқан адамдар қарсылас жақтың окопынан атып шығып, төпеп тұрған оққа қарамай, баса көктеп біздің плацдармды басып алды. ...Кейіннен осы адамдардың “Талғар полкінің жауынгерлері” екенін білдік... Қаншама соғысып, олар бізді қырса да, жауынгер жауынгерді батылдығы үшін, ерлігі үшін елегені дұрыс қой...”  
(Қараңыз: “Майдангер әкелер”, Алматы, 2005 жыл, 30-бет).

“Талғар полкінің” басым көпшілігі қазақтар болғаны да тарихтан мәлім. Міне, аталарымыздың осындай ерлігін Ауған соғысында болған оның ұрпақтары да қайталады. Намысты қолдан берген жоқ. Баяғы көк түріктерше, мамлюктерше шайқасты. Бұл жөнінде де айта кетуді өзіме міндет санадым.

Рас, мен 2006 жылы өзімнің “Ауғанстанның отжалыны” атты өлеңдер жинағымды жарияладым. Өлеңнің өлшемі де, өрісі де, табиғаты да бөлек қой. Шындықты кеңірек қамту үшін қарасөзге, онда да деректі жанрға жүгіну керек екенін түйсінгендей болдым.

Соғыс адамды ерте есейтеді. 18 бен 20 жастың арасындағы жап-жас жігіттердің кәдімгі кәрі кісілердей “өлім” туралы толғанғанын, өлім мен өмірдің паркын сезініп, басалқалы ой айтқанын да көрдім. Сонымен бірге соғыс... есеңгіретеді де. Соғыста жүйкесі жұқарып, қаны бұзылып келген кейбір жігіттердің бейбіт өмірге бейімделе алмай, тегіс жерде сүрінгенін де көрдім. Тастақ жерге түскен түреннің айқыш-үйқыш із қалдыратыны сияқты, соғыс та артына ауыр зардап, үлкен мехнат, қым-қиғаш із қалдырады. Біздің әңгімеміз де - осы жөнінде.



**“Сәуір революциясы”  
біз үшін тәуір болмады...**

---

1978 жылдың 27 сәуірінде Ауғанстанда әскери төңкеріс болды. Бірақ, бұл дүние жүзіне “революция”, оның ішінде “социалистік революция” деп жарияланды. Кейінірек білдік қой, бұл революцияға КСРО-ның да қатысы бар екенін...

Сонымен, революцияның нәтижесінде мемлекет басшысы (премьер-министр) болып Нұр-Мұхаммед Тараки, оның орынбасары және сыртқы істер министрі болып Хафизулла Амин тағайындалды.

Ауғанстан халқының басым көпшілігі бұл революцияны қабылдай алмады. 15 наурызда Гератта революцияға қарсы 20 мыңдай адам бас көтерді. Мыңға жуық адам қаза болды. Қатты сасқан Ауғанстанның басшылары КСРО-дан әскери көмек сұрайды. Мәселен, Н.Тараки осы мәселе жөнінде А.Н.Косыгинге арнайы телефон соғады.

Телефонмен болған әңгімеден кейін Ю.Андропов, А.Громыко және Д.Устинов бас қосып, Ауғанстанның басшысын жасырын түрде жедел Мәскеуге шақырады. Мәскеуде және Кабулда бұл істі тек ат төбеліндей адамдар ғана білді. Н.Тараки 20 наурызда Мәскеуге келгенде А.Н.Косыгин: “Егер біз әскерімізді Ауғанстанға кіргізетін болсақ, сіздің елде жағдай жақсармайды, керісінше, қиындай түседі”, - деп жауап береді. Бірақ, КСРО Қорғаныс министрлігі 1979 жылғы мамырдың басында Орталық Азия республикаларының түпкілікті ұлтынан жасақталған арнайы батальон құру жөнінде шешім қабылдайды.



1979 жылдың қыркүйек айының екінші жартысында Ауғанстан мемлекетінің басшысы Н.Тараки өзінің бұрынғы жақтаушысы Х.Аминнің бұған қарсы шығу салдарынан өкімет басынан шеттетілді. Ал мұндай жағдайды Мәскеу өте ауыр қабылдайды. КСРО-ның Кабулдағы елшісі А.М.Пузановқа елді тастап шығу бұйырылады. Сөйтіп, оның орнына елшілікке сол уақыттағы Татар облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.Табеев сайланып, 26 қараша күні Кабулға жіберіледі.

КСРО басшылары дәл осы мезгілде Х.Аминді қайткен күнде де қызметтен шететіп, оның орнына мондыбас, Кремльдің айтқанынан шықпайтын бір адамды тағайындау жайын ойластырады. Сөйтіп, Х.Аминнің орнына сол уақытта Чехословакиядан жасырын түрде келіп, 1978 жылдың тамызынан бастап Мәскеуде тұрып жатқан “Парчам” фракциясының көсемі Бабрак Кармаль лайық деп табылып, оған Х.Аминнің көзін күртатын күреске жетекші болу ұсынылады.

Содан КСРО-ның басшысы Л.И.Брежневтің кабинетінде мәжіліс болып, оған КОКП ОК Саяси бюросының шағын тобы (Ю.Андропов, А.Громыко, М.Сулов және Д.Устинов) қатысады. Осыдан кейін іле-шала Ауғанстан шекарасына басып кіруге байланысты дайындық жұмыстары басталады. Көп ұзамай-ақ Д.Устинов Қорғаныс Министрлігінің жоғарғы жетекші құрамын жинап алады да, Кеңес әскерін Ауғанстанға кіргізу жөніндегі шешімнің қабылданғандығын хабарлайды. Міне, 1979 жылдың 25 желтоқсанында басталып, 1989 жылдың 15 ақпанында ақталған соғыс осылай басталып еді...



1979 - 1989 жылдар аралығында болған Ауған соғысында Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің құрамындағы офицерлер екі жыл, сержантар мен солдаттар бір жарым жыл қызмет етті. Бірақ бұл мерзім барлық уақытта бірдей сақтала бермеді. Қатардағы жауынгерлер негізінен екі жыл әскери қызметтен өтті. 1979 жылдың 25 желтоқсаны мен 1989 жылдың 15 ақпаны аралығында, тұтастай алғанда, КСРО-ның 620 мың азаматы Ауғанстан республикасының территориясында әскери қызметтен өтті. Олардың 525 мыңы кеңес армиясының құрамалары мен бөлімдерінде, 90 мыңы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің шекаралық бөлімшелерінде, 5 мыңы ішкі әскерлер мен милиция қатарында өз міндеттерін өтеді.

Тағдыр шығар, осылармен бірге бізге де екі жыл әскери қызметімізді Ауғанстанда өтеуге тура келді...

Ә деп басын ашып алатын бір жайт, Ауғанстандағы соғысқа біз сұранып барған жоқпыз. Ақша үшін де барған жоқпыз. Бізге Әскери басшылар шындықты айтқан жоқ. Әскери қажығыс болса бірсәрі-ау, Ауғанстандағы соғыс жойқын соғыс болды ғой. Бізді осындай жойқын соғысқа апаратынын басшылар бізден мейлінше жасыруға тырысты. Кім біледі, тапсырма солай болған шығар...

Кеңес әскері Ауғанстанға алғаш басып кіргенде 40 армия жасақталды. НАТО-ның есептеуі бойынша, 145000 әскер. Қазіргі Қазақстанның әскер саны-70 мың. Өзіңіз-ақ салыстыра беріңіз...

Ауғанстанға баратын әскерді біздерде, көбіне, мұсылмандардан жасақтады. Арнайы жаттығулар жасатып, бұл жаттығудан сүрінбей өткендерді әуелі Термезге апарды. Содан кейін тікұшаққа салып, 1979 жылдың желтоқсан айында Ауғанстанға алып келді.



Мұның алдында ғана “сендерді Иранға апарамыз” дегенді. Бірақ аяқ астынан Ауғанстаннан бір-ақ шық-тық. “Сендер бізді неге Ауғанстанға алып келдіңдер?” деуге құқымыз да болмады. Өйткені, бәріміз де әскери ант қабылдап қойғанбыз. “Ауғанстан халқының 90 пайызы - нашақорлар” деген төртбұрышты кішкене қағазды және Ауғанстанда қанша халық тұратыны туралы мәліметті тікұшаққа отырар алдында қолымызға ұстатты. Соғыс болып жатқан жерді жасыруға тырысты. Алғашқы кезде “Сендер соғысып жатқан жоқсыңдар, әскери жаттығуда жүрсіндер!” деумен болды ұдайы. Жоғарыдан келген бұйрық солай ғой. Ал командирлер бұйрықты орындады.

### Асыл десе асыл еді...

---

“Е, қазақты қойшы...”, “Қазақ қорқақ қой...”, “Батыр деп, міне, шешендерді айт!”, “Біздің қазақ әбден жалтақ болып кеткен ғой...” деген сөздерді өз басым көп естимін. Естіген сайын ойланамын...

Шынында да, қазақ қорқақ па? Есіме Ауғанстан түседі...

Ауған соғысына қазақтар аз қатысқан жоқ. Өзге ұлттың өкілдері де (орыс, әзірбайжан, өзбек, украин, армян, грузин, қырғыз, тәжік және тағы тағылар) көптеп қатысты. Сол кезде онша мән бере бермеппін, қазір қарап отырсам, біздің қазақ осы ұлт өкілдерінен артық соғыспаса, осылардан батырлығы мен батылдығы артық болмаса, еш кем болмапты. Әсіресе, атап, қадап айтатын бір жайт, қазақтар адал соғысты. “Адал соғысты” дегеніміз не? Енді осыған түсінік бере кетейін.



Соғыстың аты - соғыс, бәлкім жүрексінетін болар, бәлкім қорқасоқтайтын болар, кейбір жауынгерлер “ауырып қалдым...” дегенді жиі айтатын, енді біреулері “шығарып салушы” болуға тырысып бағатын. “Шығарып салушы” дегеніміз, егер бір жауынгер қайтыс болса, әлгі жауынгердің цинк табытқа салынған мәйітін бір-екі жауынгер елге апарып кайтады. Соғыс кезінде - бұл да тыныс. Міне, осындайға бейім тұратын жауынгерлер ішінде, қолымды жүрегімнің тұсына қойып айтайын, өзім болған жердің бәрінде де бірде-бір қазақ жауынгері болған жоқ. Неге екені белгісіз, қазақ жігіттері ұрыс даласына, ашық майданға бейім тұратын. Мен бұл жерде өзге ұлттың өкілдерін кемсітейін, кемітейін деп отырған жоқпын. Ондай ой үш ұйықтасам да түсіме кірмес те еді. Тек “Ей, қазақ қорқақ қой...” деп оп-оңай айтатындар ойлансын деп айтып отырмын.

Бірде мынандай оқиға болды. Командиріміз Байғали Қоқымбаев бәрімізге: “Жол ұзақ, сапар ауыр. Оқ-дәріні көбірек алындар!” деп тапсырма берді. Бәріміз сапка тұрған кезде, Б.Қоқымбаев өз тапсырма-сының қалай орындалғанын тексеріп көрмек ниетпен, бәріміздің рюкзағымызды ашып қарады. Кейбір жауынгерлер оқ-дәрінің орнына рюкзағына консерві мен сухари, сгущенка, тағы оны-мұны тамақтарды көбірек алыпты. Б.Қоқымбаев бұлардың бәріне “Оқ болса, тоқ боласың! Оқ болмаса, жоқ боласың!” деп, тамақтарын қайта тастатқызып, оның орнына оқ-дәрі алғызды. Міне, осылардың, яғни “тамақсаулау” жауынгерлердің ішінде бірде-бір қазақ болған жоқ. Тағы қайталап айтамын, дәл сол кезде менің басыма “бұлардың ішінде қазақ бар ма екен?” деген ой кіріп те



шыққан жоқ. Көп жыл өткен соң, сол оқиғаны қайта парықтап, қайта есіме түсіріп, қайта көз алдыма елестетіп отырмын...

Жалпы, қазақ - батыр халық. “Батырлық та тұқым қуалайды” дейді ғой кейбір ғалымдар. Ал енді қазақ халқының тарихына үңіліңізші, батырлық пен жаужүректіліктің мысалын мыңдап табасыз. Мәселен, дарынды жазушымыз әрі тарихшымыз Мұхтар Мағауин індете жазған мына бір оқиғаға көз салыңызшы:

“1532 жыл шамасында Тайыр өлгеннен соң Қазақ Ордасының ұлы ханы болып Әз-Жәнібектің тағы бір немересі, Жәдік сұлтанның ұлы Тоғым хан сайланады.

Тоғым хан тозғындамаса да, бытырап кеткен, береке-бірліктен айрыла бастаған қазақ ұлыстары мен қырғыз жұртының басын қосып, қайтадан ұйыстырады. Бір жақта қалмаққа, бір жақта моғолға, бір жақта өзбекке қарсы қорғаныс соғыстарын жүргізе отырып, елдің саяси бірлігін қалпына келтірумен ғана шектелмей, оның әскери қуатын да бұрынғы дәрежесіне жеткізуге тырысады.

Тағдырдың Тоғым ханның еншісіне бөлген уақыты тым аз болды. Тоғым хан дарынсыз Тайыр ханның кезінде қазаны ортайған аталы жұртын бұрынғы кенересіне келтіріп үлгермеді. Өзара берік одақ жасасқан, Қазақ Ордасын біржола күртуге ниеттенген өзбек ханы Үбайдолла мен моғол ханы Әбдірәшид, бірі Мәуреннахр жақтан, бірі Шығыс Түркістаннан шеру тартып аттанды.

Моғол мен өзбектің қалың қолы Ыстық көлдің шығыс бетіндегі Сан-Таш деген жерде қосылады. Қазақ пен қырғыздың біріккен жасағы соғысқа әзір еді. Бірақ бұлардың саны өзбек-моғол әскерінен әлденеше есе аз



болатын. Тоғым хан өзінің тас-түйін қолын жер жағдайына қарай, терең күзды сағалап, қия жартасқа иық тірей орналастырады.

Тарихтың 944 жылы, 18 сафар, қазіргі есеп бойын-ша, 1537 жылы, 27 шілде, жұма күні, төрт халықтың таң азаннан түн қараңғылығына дейін созылған табандасқан, қиян-кескі соғысында қазақ-қырғыз әскері түгелімен қырғынға ұшырайды. Қанды ұрыста қазақ халқының Керей хан мен Әз-Жәнібек хан әулетінен тараған барлық жауынгер басшылары - Тоғым хан бастаған отыз жеті сұлтан қаза табады. Бұлардың ішінде Тоғым ханның Тоғыз сары деген атқа жеткен ержүрек тоғыз ұлы түгелімен кетіпті. Ал шәйіт болған әскер саны белгісіз, ондаған мың болса керек.

Сан-Таштағы ұрыс - Қазақ Ордасының әскери тарихындағы ең қаралы оқиғалардың бірі, бірақ ерлік пен елдік сынға түскен, ата жұрт мерейі, ордалы ұлыс мұраты жолындағы күрес күрбандарының рухы бүгінгі ұрпағын желеп-жебейтін, аруақты, таңбалы күн. Ал ұлт бостандығы жолында бүкіл әулетімен қазаға ұшыраған Тоғым хан мың жарым жылдық қазақ тарихындағы ең айтулы ерлердің бірі, ең ұлы шәйіттердің қатарындағы қасиетті бабамыз.

Біз совет кезеңінде ғана ұмытып, естен шығардық, өткен замандарда Тоғым ханның ерлік тұлғасы елдің көкейінде тұрған, жұртын ұлы істерге бастаған. Осы Тоғым ханның туған інісі Шығай ханның ұлы Еңсегей бойлы Ер Есім хан алаштың қаншама мың арысы қазаға ұшыраған Сан-Таш аңғарында ұлан-асыр ас беріп, биік қорым үйгізеді. Сол Есім ханның ағасы Ұзын оқты Ондан сұлтанның



ұрпағы, кешегі Алаш-Орда көсемі Әлихан Бөкейханның бабасы атақты Барақ сұлтан, кәдімгі Әбілқайыр ханды өз қолымен жаһаннамға аттандырған Көкжал Барақ өзінің бір сөзінде: “Мен - шынжырбалақ-шұбартас Тоғым-Шығай әулетімін”, - дейді кеудесін керіп. Бұл әулеттің қашанда елге қорған, жұртқа тұлға болғанын, қазақ халқының бақыты үшін қан жалдап, от кешкенін еске салып, елдің тәуелсіздігіне сына түсірген, жұрт ішіне әреке кіргізген Әбілқайыр сияқты адамдарды жазаға тарту - өзінің аруақ, Құдай алдындағы борышы деп білетіндігін атап көрсетеді. Бұл арада ту ұстаған тоғыз ұлы да өзімен бірге өліп, ұрпақсыз кеткен Тоғым ханның есімі жай ғана баба емес, әулеттің түп әкесі ретінде аталуы - кездейсоқ болмаса керек.

Сан-Таштағы соғыс арты бейбіт елді қырып-жойған, сол заман тарихшыларының тілімен айтқанда, “қазақтардың бас көтерер жаны түгел қырғын тапқан, тұтқынға түскен, аяғымен оттаған малы тегіс олжаға кеткен” ауыр апатқа ұласады, алыс елдерде қазақ халқы мүлде жойылыпты деген лақап тарайды. Бірақ Қазақ Ордасының жері шалқар байтақ еді, халқы қисапсыз көп еді. Орда өзінің тәуелсіздігінен айрылмады, қансыраса да тізесі бүгілмеген алаш ұлы мойымады, күш жиып, қайрат тауып, өткеннің орнын толтыруға бет қойды...” (М.Мағауин. “Қазақ тарихының әліптесі”, Алматы, “Ер-Дәулет” баспасы, 1994 жыл, 34-35 беттер).

Қараңызшы, бір ұрыста ғана тек бір ғана Әз-Жәнібектің әулетінен 37 сұлтан қаза тапқан! Оның ішінде Тоғым хан өзінің тоғыз баласымен бірге мерт болады! Осындай мысал өзге халықтың тарихында кездесе ме? Әй, қайдам... Кездесе қоймас...




Тағы бір тарихи дерек келтірейін. Кіші жүзде Әлім деген ру бар. Осы Әлімнен Төртқара тарайды. Төртқараның бір бұтағы - Сейіткүл. Ел ішінде мұны “Сегіз Сейіткүл” деп атайды. Кіші жүздің әйгілі биі Әйтеке биде, Алшын Жалаңтөс баһадүр де, жастайынан Жалаңтөс баһадүр тәрбиелеп өсірген атақты Тасым батыр да - Сейіткүл. Яғни, бір әулеттен тарайды.

Белгілі жазушы, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты Мұқадес Есләмғалиұлының “Әйтеке би” (Алматы, “Арыс” баспасы, 2003 жыл) атты тарихи романы бар. М.Есләмғалиұлы өз романында тек тарихи деректерді сөйлеткен. Бәлкім, суреттеу барысында жазушының артық-кем кеткен жері бар да шығар. Бірақ, өз шығармасына нақты тарихи деректерді ғана пайдаланған. Осы романда мынадай бір деталь бар. Әйтеке би мен Тасым батыр бастаған қол (бес мың жасак) жоңғарлармен күні бойы шайқасады. Ұрыс аяқталып, жоңғар мен қазақ екі жаққа тарап, арнайы дайындалған топ майдан даласынан өліктер мен жаралыларды жинап болған соң, түрі өрт сөндіргендей түтігіп, Тасым батыр Әйтеке биге келіп былай дейді:

“- Әйтеке, қан майдан жақсы мен жаманды, жақын мен жатты іріктемейді. Соғыста әділет үшін өлген - шейіт, өлтірген - бөйіт. Ел басына түскен салмақ - ер басына түскен салмақ. Еркек тек қуаныш үшін жаралмаған. Елің қан жұтып жатқанда, қарабасым аман болсын деп ешкім айта алмас. Басқаның дәті жетпегесін өзім айтып тұрмын. Шыдаймыз да... Сыр алдырмағайсың... Сейіткүл бабамыздың кіндігінен тараған бауырларымыздың жетеуі шейіт кетті. Иман тілегейсің. Жүздері пейіште шалқығай!..”





Яки, бір ғана шайқаста бір ғана Сейіткүлдың кіндігінен тараған жеті бірдей азамат мерт болған! Өңшең өрім жас, кілең батырлар! Тасым батыр мен Әйтеке би - шөбере туыс. Бір-біріне қалай көңіл айтарын білмей, бір-бірін қалай жұбатарын білмей... аңтарылып тұр. Бір кезде Тасым батыр даусы қалтырай түсіп, соғыста шейіт кеткен жеті туысының: немере, шөбере ағайындарының есімдерін бір-бірлеп түгендей бастай-ды. Осыдан кейінгі эпизодты жазушы былай бейнелейді:

“Әйтеке би өн-бойын діріл билеп, тістене ышқынған беті дыбысын шығармастан, омырауына саулаған көз жасын көрсетпеу үшін теріс карап безеріп алды. Құлағы күңгір-күңгір. Әр ағайынының аты аталған сайын жүрегі аунап түсіп, ауа жетпей алқына демігеді. Бәрі-бәрі күні кеше бөрінің күшігінше арпалысып бірге өскен жеделдес бауырлары. Ақыры, шыдай алмай, атын бүлкектетіп құладүзге бағыштады...”

Мұндай мысалдарды, әрине, халқымыздың тарихынан көптеп келтіре беруге болады. Ең бастысы, сол батыр бабаларымыздың рухы, ерлігі із-түссіз кеткен жоқ. Олар кейінгі ұрпаққа қонды. Соның бір мысалы - Асыл Қалқабаев деген асыл азаматтың ерлік істері.

Асыл асқан ер еді. Қорқуды, үрқуді, жүрексінуді білмейтін. Өзіміз де талай ерлігіне куә болдық. Оның үстіне, Асыл білімді, парасатты, өте ақылды жігіт еді. Взвод командирі болатын. Сымбатты, келісті-ақ. Бір келбеті Серік Қонақбаевқа келіңкірейтін. Тындырымдылығы мен ұсынақтылығы үшін, ұйымдастырушылық қабілеті үшін оны офицерлер де жақсы көретін. Жауынгерлердің алдында да, офицерлерге де өте беделді еді.



Ауғанстандағы соғыс басталғанда, Асыл Алматыдағы Халық шаруашылығы институтының 3-курсында оқып жүреді. Содан әскери комиссариатқа қайта-қайта өтініш жазып жүріп, өз еркімен Ауғанстандағы соғысқа кетеді ғой. Үй-ішіне, әке-шешесіне де “Мен Ауғанстанға барғалы жүрмін” деп айтпайды. Егер айтса, жібермес пе еді. Асыл Қалқабаевтың әкесі сол кезде Жамбыл облысындағы Луговое (қазіргі Құлан) ауданының прокуроры болып істейтін. Бұған қоса, Асыл бір үйдегі сегіз қыздың ортасындағы жалғыз ұл екен. Әрине, егер дер кезінде білсе, аудандық прокурор сегіз қыздың ішіндегі жалғыз ұлды қайдан Ауғанстанға жіберсін...

Тағдыр ғой, 4 сәуір күні Асыл Қалқабаев қаза болды...

Қаза болардан бір күн бұрын мен Асылмен кездескен едім. Әскери госпитальда жатқанмын. Аяғымнан жараланып. Менің госпитальда жатқанымды есітіп, көңілімді сұрап келіпті. Келе салып, мені жатқан орнымнан тік көтеріп алды. Ғаламат қарулы жігіт еді. Сонан соң көтерген күйі госпитальдан сыртқа шығарып, госпитальдың қарсысындағы палатаға апарып, астыма қамыс төсеп, мені сол жерге отырғызды. Өзі қасыма отырды. Мәдениеті қандай еді Асылдың! Мұнтаздай, тап-таза...

Біраз әңгімелескеннен кейін төс қалтасынан біраз сурет шығарып, маған көрсете бастады. “Мынау менің анам” деп шешесінің суретін көрсетті. Апа-қарындастарының суретін көрсетті. Ең соңынан “Мынау менің - қызым!” деп, өзі сөз байласқан әдемі бір бойжеткеннің суретін көрсетті.

Бір уақытта маған тіке қарап:

- Бақыт, кеше мен бір түс көрдім. Термезде жүр



екенбіз деймін. Взвод жауынгерлері бастан-аяқ аппақ киінген бір ауған әйелін қоршап алып, ұрып-соғып жатыр екен. “Әй, бұларың не? Әйел адамға қол жұмсағандарың не?” деп жетіп барып, жауынгерлердің бірін әрі итеріп, бірін бері итеріп, әйелді арашалап алдым. Сол кезде әйел маған жалт бұрылды да, көзі өңменімнен өте қарап, бетіме түкіріп кеп жіберді. Бетім, мойным, жаға-жеңім түгел түкірікке толды да кетті. Сол кезде шошып оянып кеттім. Бұл не? Түс жори алушы ма ең? - деді.

- Түкірік - дұшпан ғой... Дегенмен, байқап жүрші... - дедім мен.


Одан басқа не айтам?! Не айта қоям...

Қатты шаршаған болу керек, біраздан соң Асыл сол отырған жерінде ұйықтап қалды. “Үйқысын бұзбайын...” деген оймен ақырын, еппен қозғалып, балдағыма сүйендім де госпитальға қарай аяңдадым. Мен төсегіме жеткен кезде сырттан: “Рота, сапқа тұр!” деген Асылдың даусы естілді. Асылдың шұғыл тапсырмамен тағы бір операцияға жедел жүріп бара жатқаны белгілі болып тұрды...

Біреп айдан соң Пули-хумри деген жерге барғанымызда, Мамыркүлов Алик деген қырғыз жігіті, қазір генерал-майор, ол кезде аға лейтенант еді, “Асыл осы жерде қаза тапты! Қайран Асылды жалмаған - осы жер!” деп, үлкен сарғыш биік тасты автоматының оғы таусылғанша атты да, еңкілдеп ұзақ жылады. Сөйтсек, жағдай былай болыпты:

Таудағы бір қыркадан асқан соң, келесі бір шатқалдан дұшмандар пулеметпен атқылап, батальонды жылжытпай қойыпты. Асыл Қалқабаев қасына өз взводының төрт жігітін ертіп алып,





қырқаға өрмелеп келе жатады. Байқап қалған ғой, дәл сол кезде қырканың ұшар басынан ірі калибрлі пулеметпен дұшмандар бұларды атқылай бастайды. Сол кезде әлгі төрт жауынгер бұрыла салып еңіске қарай қашқан ғой. Төртеуінің де арқасына оқ тиіп, мерт болыпты. Асылды тастай қашты деп айта алмайсың... Ал Асыл жермен-жексен болып, тасты қалкалап, жоғары қарай өрмелей берген. Меніңше, дұшмандарға граната лақтыратын мөлшерге дейін жақындамақ болған. Бірақ бас көтертпей атқылаған жаудың оғы Асылдың дәл ернінен тиіпті. Күрек тісінің бірі сонадай жерге ұшып кеткен... Асыл бірден өле қоймапты, біраз шалажансар күйде жатса керек, дұшмандар оның арқасынан ірі калибрлі пулеметпен тағы бірнеше рет атыпты...

Осының алдында ғана, 2 сәуір күні Самат Баратов қаза тапты. Асылдың досы еді. Екеуі ұдайы егіз козыдай бірге жүретін. Шымкент облысының Леңгір ауданынан еді. Бұл да өте батыл, өжет, намысқой жігіт болатын. Арқасынан тиген оқтың екпіні кеудесін жарып, жүрегін сыртқа шығарып тастапты. Қасындағы жолдастары көпіршіп, көбігі шығып жатқан жүректі жалмажан жерден көтеріп алып, Саматтың кеудесіне қайта салып, бинтпен тас қып орап тастапты...

Асыл мен Саматтың өлімі маған қатты әсер етті. Әлденеге қапалана берем, кеудемді өксік буып алған... Кейін, елге оралғаннан кейін Асыл мен Саматқа арнап “Қос боздақ” деген өлең жаздым. Менің қайбір ақындығым тасып бара жатыр дейсіз, кеудемде көп жылдан бері булығып жатқан өксік өрнегін өзі тауып, сыртқа өлең боп шықты-ау деймін шамасы:



*Өтсе-дағы сан жылдар, гасырларым...  
Есімдесің Ақ Самат, Асылдарым.  
Ажал құшқан айбынды азаматтар,  
Қанды көйлек қарулас досым бәрі...*

*Ағайындар ардақты осындағы,  
От шарпыған шындықтан шошынбағын!  
Тауда - өрді, тірлікте - төрді бермес,  
Арыс еді жоғалған қос ұл-дағы.*

*Қыздай едің Асылым, ұяң едің,  
Кім сені сұм ажалға қияр еді?  
Сегіз қыздың ішінде, әулетіңде,  
Әкеден жалғыз белгі, тұяқ едің.*

*Өр мінезді өжет ең, Саматым-ай,  
Жалт еттің де өштің сен шам отындай.  
Соққан жүрек мәңгіге тоқтаса да,  
Қолыңда соғып жатты сағатың-ай...*

*Қайрылған жастық шақта қанаттарың,  
Қайдасың Асылым мен Саматтарым...*

Екеуі де асыл, таза, парасатты, мәдениетті, білімді, тумысынан, тегінен батыр боп жаралған азаматтар еді. Жаны жаннатта болып, нұры пейіште шалқысын...

Баратов Саматтың туған-туысқандарын іздеп, Шымкент облысының Леңгір ауданына сан рет сұрау салдым. Аудандық әскери комиссариатқа да бардым. Ешкім білмейді... Баратов Саматты ешкім танымайтын болып шықты... Бұл қалай? Әлі күнге дейін түсінбеймін...

Ал енді 1982 жылы Асыл Қалқабаевтың әкешесін қолымдағы адресі бойынша Меркіге



(Трубицын көшесі, 20 үй) іздеп бардым. Бір қолында орағы, қолтығында бір бау жоңышқасы бар егде кісі бақтың ішінен шығып, үйге қарай ауыр басып, ақырын аяндап келе жатты. Әкесі екенін бірден таныдым. Өңі, түсі, бой-басы Асылға қатты ұқсап тұр. Сәлем бердім.

- Иә, қай баласың?

- Асылдың қарулас, майдандас досы едім...

Сол-ақ екен, орағы жерге түсіп кетті, тізесі бүгіліп, шөкелей отыра қалып, еңкілдеп жылап қоя берді:

- Жалғызым-ай! Құлыным-ай! Асылым-ай! Сегіз қыздың ішіндегі жалғыз тұяғым...

Менің де ішім қан жылап тұрды. Тістеніп, тісімді тісіме басып, өзімді өзгер тоқтатып, Асылдың әкесіне көңіл айттым...

Ертеңіне қоштасарда гаражда тұрған су жаңа “Жигулиді” көрсетті:

- Асылға арнап алып едім. Мінсін деп едім. Мінусіз қалды... Асылым аман-есен келсе, үйленеді ғой, қапылып қалмайын деп, той жабдығын түгел сатып алып қойып едім. Арақ-шарабына дейін... Қадірлі қонақтарға деп бір қорап хрусталь-рюмка сатып алған едім. Ол да сол күйінде ашылмаған қалпы тұр... Бәрі де Асылымның артында қалды...

Асылдың әкесі тағы жылады...

Айтпақшы, бір анықтағаным, Асыл баяғыда маған айтқан түсін сол қалпында баяндап, әкесіне де жазып жіберіпті...